

Форт-Шевченко мектеп-лицейінің «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 6 құндылық бойынша өткізілген іс-шаралар

№	Іс-шараның атауы	Қатысқан оқушы саны	Қысқаша ақпарат	Фото	Сілтеме
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы					
1	«Мектебім - мейірім мекені»	298 оқушы	“Білім күні - жаңа жетістіктер бастауы” Бүгін – ерекше күн! Білім күніне орай мектебімізде өткен алғашқы қоңырау салтанаты сәтті аяқталды. Жаңа оқу жылының алғашқы күнінде сіздерді білім жолындағы жаңа бастамаларыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Білімнің алтын кілті ашылған сәттен бастап, әрбір оқушыға табыс, әр мұғалімге шабыт, ата-аналарға мақтаныш сезімін тілейміз. Жаңа оқу жылы сәттілікке толы, жетістіктерге бай болсын!		https://www.instagram.com/reel/C_XeXHHMKDZ/?igsh=MWhqZG16d25jdWU3MA==
2	«Менің Отаным – Қазақстан»	826 оқушы	«Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында 1-11 сыныптар арасында бірінғай тәрбие сағаттары өтті. Мақсаты: Оқушылар Отанға деген сүйіспеншілік пен құрметті арттыратын маңызды білім алып, патриоттық сезімдерін нығайту.		https://www.instagram.com/p/C_aPzg2MOB/?igsh=MXJraWRtcDg0MDlidQ== https://www.instagram.com/reel/C_aQxVzsxzs/?igsh=cmoXNHR3d2toOWFw https://www.instagram.com/p/C_aa--2sv99/?igsh=MWlpb2g0cm8yMXNiaw== https://www.instagram.com/reel/C_aiFppsm_5/?igsh=a3ZneGNtMm1lZHNz
3	Қыздар жиналысы	189 оқушы	10 қыркүйек күні қыз балалар үшін “Жеке гигиена және ерте жүктіліктің алдын алу” тақырыбында арнайы жиналыс ұйымдастырылды. Жиналыста жеке гигиена сақтаудың маңыздылығы, денсаулықты қорғаудың негізгі қағидалары, сондай-ақ ерте жүктіліктің алдын алу шаралары туралы маңызды ақпараттар берілді. Жиынның мақсаты - қыз балалардың денсаулығын сақтап, өзіне деген жауапкершілігін арттыруға ықпал ету. Кәсіби мамандар қатысушыларға жан-жақты кеңес беріп, көкейлерінде жүрген сұрақтарына жауап берді.		https://www.facebook.com/share/v/161gLktLh2/?mibextid=wwXifr

4	Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толу мерейтойына орай «Балалық шақ – балғын шақ»	498 оқушы	Көрнекті қазақ және балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толу мерейтойына орай «Балалық шақ – балғын шақ» атты онкүндік аясында «Әдебиет әлеміне саяғат: Тіл құдіреті» тақырыбында 6 сынып оқушыларына арналған әдеби квест ойыны өткізілді. 9-сынып оқушыларына «Балалығым – бақытым, бағалайтын жақұтым» тақырыбындағы поэзия минуты бейнеролиг сайысы өтті. «Әдебиетке балалықты әкелген» атты кино көрсетілім өткізді. 5-сынып оқушылары «Менің атым Қожа» киносынан сахналық қойылым қойды.		https://www.instagram.com/reel/C_0WM-MV8S/?igsh=MW1sYml2NjU1N3p5a https://www.instagram.com/reel/C_2ntBbM10z/?igsh=Y3cwbjVyYmRzamRm https://www.instagram.com/reel/C_2nrz4sRcD/?igsh=MWUxaHE2djlpbW9nNg== https://www.instagram.com/reel/C_2nrz4sRcD/?igsh=MWUxaHE2djlpbW9nNg== https://www.instagram.com/reel/DAAgq1fMdi/?igsh=ZXAx3FmbjM3emZh
5	“Назар аударыңыз, балалар!”	45 оқушы	Бүгін мектепте “Назар аударыңыз, балалар!” тақырыбында Мектеп инспекторы Алпейсов Саламат Жолдасович пен Түпқараған АПБ ЖПҚ ЮПТ аға инспекторы Саркенов Джамбул Майрадинович жолдағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру бойынша арнайы кездесу өткізді. Іс-шара барысында оқушыларға жолда өзін дұрыс ұстау, қауіпсіздік шаралары және жаяу жүргіншілерге арналған ережелер түсіндірілді. Қауіпсіздік – баршамыздың ортақ міндетіміз!		https://www.instagram.com/reel/C_ff6-MVDu/?igsh=aTA2Yzd2YXo3OGHo
6	«Отбасы-бақыт мекенім»	836 оқушы	«Отбасы-бақыт мекенім» тақырыбында 9-сыныптарға тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатының мақсаты: Оқушыларға отбасының адам өміріндегі маңызын түсіндіру. Отбасы құндылықтарын насихаттау және ұжымдық татулық пен бірлікті нығайту. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін дамыту. Оқушыларға отбасы мүшелерін сыйлауға, қолдау көрсетуге және мейірімділікке тәрбиелеу.		https://www.instagram.com/reel/C_r7Zf-MTEF/?igsh=anJhOH15aGFoMHg3 https://www.instagram.com/p/C_r5ywkMUx3/?igsh=MTcwMnMxN2pqZDdydw== https://www.instagram.com/p/C_r7IEes4wW/?igsh=MTlrbzd1OHF2Z2xwdg== https://www.instagram.com/reel/C_r7Zf-MTEF/?igsh=anJhOH15aGFoMHg3
7	“Өзін-өзі басқару” ұйымының мүшелерін ұлықтау рәсімі өтті.	12 оқушы	“Өзін-өзі басқару” ұйымының мүшелерін ұлықтау рәсімі өтті. Мектеп директоры ұйым мүшелеріне құрмет лентасын тағып, төменгі сынып оқушыларына нағыз үлгі ретінде паш етті. Бұл шара оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, мектеп өміріне жауапкершілікпен қарауға шақырады. Ұйым мүшелерінің ендігі мақсаты – мектептің игілігі үшін белсенді жұмыс істеп, өз сыныптастарына және мектептегі барлық оқушыларға үлгі болу. Құрметті жас көшбасшылар, сіздерге сәттілік		https://www.instagram.com/reel/DCGY_uUMzTo/?igsh=MTRuMjY4bG1rZ2lhMg==

			тілейміз, болашақта биік шыңдарды бағындыруларыңызға сеніміміз мол!		
8	7-11 сынып оқушы ер балаларына арналған жиналыс	298 оқушы	Бүгін мектебімізде 7-11 сынып оқушы ер балаларына арналған “Зорлық-зомбылық және әлімжеттік” тақырыбындағы жиналыс өтті. Жиналыс қонақтары Түпқараған аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасы – Жапанов Р.У. және Түпқараған ауданы ПБ ЖПҚБ әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторы, полиция майоры – Байкүреңова Гүлжан Жанбырбайқызы, сондай-ақ, Түпқараған АПБ ЖПҚ ЮПТ аға инспекторы – Саркенов Джамбул Майрадинович пен Түпқараған ауданы прокуратурасының прокуроры – Амангелдин Жалғас. Жиналыс мақсаты – оқушылар арасында зорлық-зомбылық пен әлімжеттіктің алдын алу, осындай әрекеттердің қоғамға, мектеп өміріне, және адамның тұлғалық дамуына тигізетін зияндарын түсіндіру. Бұл жиналыс барысында балаларға зорлық-зомбылықтан қорғану жолдары, әлімжеттік жасаудың зардаптары түсіндіріліп, оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру көзделді.		https://www.instagram.com/reel/C_xrGC2saDY/?igsh=MTFvaW8xb2l1OHZwag==
9	“Еңбегі адал – жас өрен” жобасы аясында “Күзгі асар жәрмеңкесі” сәтті өтті.	486 оқушы	“Еңбегі адал – жас өрен” жобасы аясында “Күзгі асар жәрмеңкесі” сәтті өтті. Мақсаты: Күзгі асар жәрмеңкесі арқылы оқушыларды қайырымдылыққа, ынтымақтастыққа және әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиелеу, қоғамдағы мұқтаж жандарға көмек көрсету арқылы ізгілікке баулу. Жиналған қаражатты қарияның қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағыттау. Бұл игі шарада жиналған қаражат 70 жастағы қарияға азық-түлік алып, үй жағдайын реттеуге бағытталды. Оқушылардың ұйымшылдықпен атсалысуы нағыз қайырымдылықтың үлгісін көрсетті.		https://www.instagram.com/reel/DBRAq9Ns0zg/?igsh=MWt4cnY5N2J5MDU0aA==
10	«Үлкендер жолы – ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып»	38 оқушы	«Үлкендер жолы – ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып» тақырыбында еңбек ардагерлерімен кездесу өткізілді. Кездесудің негізгі мақсаты еңбек ардагерлерінің өмірбаянымен, жеткен жетістіктерімен, еңбек жолдарымен таныстырды. Өскелең ұрпаққа ақыл кеңестері мен қатар бағыт-бағдарларын көрсетті.		https://www.instagram.com/reel/DAP0NFXssPR/?igsh=d205bHAzZGg2bzRv

11	“Спорт - сенің серігің”	598 оқушы	Мақсаты: Мектеп оқушыларының спортқа деген қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және ұлттық спорт түрлерін дәріптеу. Шара барысында оқушылардың дене шынықтыруға деген ынтасын арттыру, ептілік, ұйымшылдық және командалық рухты дамыту көзделді. Яғни оқушылар “арқан тарту”, “тоғызқұмалақ” ойыны және де “ләңгі тебу” ойындарын ойнады. Қазақтың дәстүрлі ойындары арқылы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері ұлттық мәдениетті танытып, оқушылардың спорттық шеберліктерін жетілдірді.		https://www.instagram.com/reel/C.05RCIMlh2/?igsh=YXY4Y2d0aTMwYWdu
12	Жаңа кітаптармен танысуға асығыңыздар!	29 оқушы	Құрметті оқушылар! Біздің мектеп кітапханасына жаңа кітаптар келді. Әр жанрдағы түрлі кітаптар сіздерді күтуде: шытырман оқиғалар, ертегілер, танымдық әдебиеттер мен психологиялық кітаптар және тағы басқалары. Кітап оқудың артықшылықтары зор: қиялыңызды дамытып, ой-өрісіңізді кеңейтіп, тіл байлығыңызды арттырады. Ендеше, бірге кітап оқып, білімімізді толықтырайық! Кітапханаға келіңіздер, білім әлеміне бірге саяхат жасайық!		https://www.instagram.com/p/DB82lrOsBfI/?igsh=NtQ4Mnd3NWRnem56
Қазан айы – Тәуелсіздік және отаншылдық					
1	“Даналық ұстаздан” челленджі	26 оқушы	“Даналық ұстаздан” челленджі – бұл ұстаздарға деген алғыс пен құрметті көрсетуге, олардың еңбегін бағалауға бағытталған бастама. Ұстаздардың ұлы тұлғасы мен рөлін насихаттау мақсатында ұйымдастырылған челлендждің мақсаты: 1. Ұстаздардың қоғамдағы орнын айқындау – білім беру саласының ардагерлерін, қазіргі мұғалімдерді және жас ұстаздарды қолдау. 2. Рухани құндылықтарды арттыру – мұғалімдерге алғыс айту, құрмет көрсету арқылы оқушылар мен қоғам арасында ұстаздарға деген ризашылық пен сыйластық сезімдерін қалыптастыру.		https://www.instagram.com/reel/DAqEoF3sLLr/?igsh=NGwyNW9sbWI2ZzVh

2	«Еңбегі адал жас өрен жобасы аясында «Күзгі асар»	485 оқушы	Форт-Шевченко мектеп-лицейінде «Еңбегі адал жас өрен жобасы аясында «Күзгі асар» 7 сынып оқушылары қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырды. Оқушылар жәрмеңкеге түрлі тағамдар мен тәтті шырындар әкелді. Жәрмеңке ұйымдастырудағы басты мақсат: Оқушылардың бойында қамқорлық сезімдерін ояту; игі істер жасауға дағдыландыру; оқушыларды бір-біріне көмек беруге және бірлесіп жұмыс жасауға үйрету.		https://www.instagram.com/p/CzvMptmMGpi/?img_index=1&igsh=NzZsbTgyNmxyd2Nv
3	7 “Ә” сыныбы “Буллингке жол жоқ!	19 оқушы	Маңғыстау облысының білім басқармасының «Психологиялық қолдау орталығы» КММ «ДосболLIKE» буллингке қарсы бағдарламасы аясында “Менің сыныбым буллингке қарсы” атты Республикалық бейнероликтер челленджіне 7 “Ә” сыныбы белсене қатысты. Мақсаты: Буллингтің теріс салдарын түсіндіріп, бір-бірімізге деген қамқорлық пен құрметті насихаттау арқылы бейбіт, қолдау көрсететін орта құруға шақыру.		https://www.instagram.com/reel/DAYtuLM0wn/?igsh=cG11NjZqNDhzemc5
4	Кітапханаға саяхат	96 оқушы	Ортақ мәдениет пен құндылықтарға ие, бір аумақта тұратын және өздерін біртұтас қауымдастық ретінде санайтын адамдар толыққанды қоғамды құрайды. Қоғамның рухани, әлеуметтік, өркениетті дамуына серпін беретін басты күш – білім екені анық. Біздің мектеп - білім алушыларға қолайлы орта құруды басты мақсат санайды. Өйткені зайырлы білім алу – қоғам талабы. Осы мақсатты жүзеге асыру аясында 1 сынып оқушылары кітапханаға қызықты саяхат жасады. Мектеп кітапханашылары оларға кітапхананы толықтай таныстырып, кітаптар әлеміне алғашқы қадамдарын жасауға көмектесті.		https://www.instagram.com/p/DB8z1d3smq6/?igsh=MXc1cW9hcmppY2Q2cw==

5	Патриоттық рух және Қазақстан жастары” тақырыбында мектепшілік дебат өтті.	9 оқушы	“Ұшқыр ой алаңы” жобасы аясында бүгін біздің мектебімізде “Патриоттық рух және Қазақстан жастары” тақырыбында мектепшілік дебат өткізілді. Бұл шара оқушылардың елге деген сүйіспеншілігін арттыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және жастардың белсенді азаматтық ұстанымын дамытуға бағытталды. Дебат барысында қатысушылар патриотизмнің маңызы, Қазақстан жастарының қоғамдағы рөлі және еліміздің болашағына қосар үлесі туралы қызу пікірталас жүргізді. Оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, маңызды мәселелерді талқылауға үлкен қызығушылық танытты.	 “Патриоттық рух және Қазақстан жастары” тақырыбында мектепшілік дебат өтті.	https://www.instagram.com/p/DBf36esPbz/?igsh=dDBtbG83d3NjeGFm
6	25 Қазан – Республика күніне орай мерекелік шара өтті.	198 оқушы	Бүгін мектебімізде 25 қазан – Республика күні қарсаңына орай мерекелік шара ұйымдастырылды. Шара барысында оқушылар өз өнерлерін ортаға салып, елге деген сүйіспеншіліктерін көрсетті. Оқушылар жүрекжарды өлеңдерін оқып, әуезді әндерін орындап, домбыраны күмбірлетіп күй тартты. Оқушылардың таланттары мен шынайы патриоттық рухы барша оқушыларды тәнті етті. Бұл мереке тек өнерді ғана емес, туған жерге, Отанға деген махаббатты ұлықтауға арналды.	 25 Қазан – Республика күніне орай мерекелік шара өтті.	https://www.instagram.com/reel/DBggFa2M3wB/?igsh=MTE4bTcyY3d0cXhrMQ==
7	«Қыранды елім – Қазақстан» ашық тәрбие сағаты	824 оқушы	25 қазан Республика күніне орай мектебімізде бірыңғай тәрбие сағаты өтті. Ұстаздар оқушыларға Республика күні және оның тарихи маңызы туралы баяндап, еліміздің тәуелсіздігіне жету жолы жайлы ақпарат берді. Мақсаты: Оқушылардың ел тарихына деген құрметін арттыру, патриоттық сезімдерін қалыптастыру және Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы жетістіктерін түсіндіру.	 25 Қазан – Республика күніне орай бірыңғай тәрбие сағаты өтті.	https://www.instagram.com/reel/DBqCkyDs85Y/?igsh=enJ0N2huM2tyYzI0
8	“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында 6 “А” сынып оқушылары арасында кітап оқу акциясы өтті.	20 оқушы	Мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен “20 минут оқы да, 3 минут эссе жаз” атты ерекше шара өткізілді. Бұл акция барысында оқушылар өздері оқыған кітаптар жайлы қысқаша эссе жазып, ой бөлісті. Шараның негізгі мақсаты – кітап оқуды насихаттау, оқушыларды әдебиетке баулу және кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру.	 “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында 6 “А” сынып оқушылары арасында кітап оқу акциясы өтті.	https://www.instagram.com/reel/DDrouPMOs9/?igsh=bHJtMmtnbGV6cjd0


9	“Қауіпсіз қоғам - біздің болашағымыз”	42 оқушы	Түпқараған аудандық әкімдігінің қолдауымен және “Ой-сана” қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен, оқушылар арасында мектеп кітапханасында “Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу” және “Буллинг және кибербуллингке қарсы әрекеттер” тақырыбында маңызды кездесу өтті. Бұл кездесу оқушыларды ақпараттандыруға, қауіпсіздікті сақтау жолдарын түсіндіруге бағытталды		https://www.instagram.com/p/DDW1r1YMSzb/?img_index=2&igsh=cnhpMnA3eDVqa210
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы					
1	Каникулда кітап оқимыз!	279 оқушы	Әр демалыс сайын “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында “Каникулда кітап оқимыз” бастамасы жүзеге асырылады. Күзгі каникул кезінде де оқушылар жас ерекшеліктеріне сай ұсынылған кітаптарды қызыға оқыды. Жобаның мақсаты: • Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру • Оқуға деген ынтасын ояту • Көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге және тіл байлығын дамытуға ықпал ету.		https://www.instagram.com/p/DB86M4qssXX/?igsh=b2c2bWttOTB3YXgx
2	«АПҚО жобасы» аясында “Зерек бала – ақылды ана” зияткерлік сайысы	16	“Педагогикалық шеберлік - білім мен іскерлік негізі” жобасы аясында “Самая вышка” тобының мүшесі, бастауыш сынып мұғалімі Сұлтанова Амангүл “Баланың табысты болуына отбасының әсері” тақырыбында “Зерек бала – ақылды ана” атты зияткерлік сайыс өткізді. Бұл шараның мақсаты – бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін айқындау, ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасын нығайту және олардың білімге деген қызығушылықтарын арттыру. Сайыс барысында қатысушылар түрлі тапсырмаларды орындап, өздерінің зеректігі мен тапқырлығын көрсетті. Әсіресе аналар мен балалардың бірлесе жұмыс істеуі, бір-бірін түсініп, қолдау көрсетуі ерекше әсер қалдырды. Осындай шаралар – ұрпақ тәрбиесінде отбасы мен мектептің байланысын нығайтып, болашаққа сенімді қадам басуға жол ашады.		https://www.instagram.com/reel/DFW96qQMxi7/?igsh=ZWxpa2Z4dzFnOTY0

3	“Мен мамандық әлеміндемін”	26 оқушы	Қазан айының 11-ші жұлдызында “Мен мамандық әлеміндемін” тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Мақсаты: • Оқушыларға мамандық таңдаудың негізгі әдіс-тәсілдерімен таныстыру; • Мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға көмектесу; • Кәсіптік бағдар беру, баланың білім алу сапасының аз да болса жоғарылауына ықпал жасау.		https://www.instagram.com/reel/DCUGfVMMpX-/?igsh=MTdxMzkzdXU4b3JteQ==
4	“Ананың аялы алақаны” мәнерлеп оқу челленджі	24 оқушы	Мектебімізде “Шабыт” жобасы аясында “Ананың аялы алақаны” тақырыбында 4-сынып оқушыларының мәнерлеп оқу челленджі бастау алды. Оқушылардың жүрекжарды өлең шумақтары - ананың мейірімін, отбасының жылуын ерекше сезіндіреді.		https://www.instagram.com/reel/DDOmgcVsR6P/?igsh=dzZlc2c5emZ5O_Hhw
5	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні.		Ұлттық теңге – ұлт мақтанышы” Мектеп кітапханашылары 7-сынып оқушыларына арналған «Ұлттық теңге – ұлт мақтанышы» атты танымдық сағат ұйымдастырды. Іс-шара барысында оқушыларға теңгенің шығу тарихы, оның ұлттық символ ретіндегі маңызы, және экономикалық тәуелсіздіктің негізгі белгісі екендігі туралы мәлімет берілді.		https://www.instagram.com/p/DCYzcpKs8Yl/?igsh=eTNkY3RvODZxMG8x
6	Даналық мектебі жобасы аясында Ұмытпайық, ұлықтайық ұршықты!”		Бүгін 8 сыныптар арасында қазақ халқының ұлттық мұрасы, дәстүрлері мен қолөнерінің бір бөлшегі болып табылатын ұршықтың маңызы туралы “Ұмытпайық, ұлықтайық ұршықты!” тақырыбында сынып сағаты өтті. Оқушыларымызға ұршықтың қазақ тұрмысындағы орны мен оның әрбір үйде қолданылғандығы жөнінде қызықты деректер ұсынылды. Сынып сағатының мақсаты – ұршықты ұлықтап, ұрпаққа ұлттық мұраны сақтаудың маңыздылығын түсіндіру болды.		https://www.instagram.com/reel/DCRa1zIPml/?igsh=MWl0OGU0NWN2anZwbG==
7	“Қызғалдақтар” қыздар тобының жиналысы өтті.		Бүгін 7-11 сынып қыз балаларының қатысуымен “Қызғалдақтар” тобының жиналысы өтті. Жиналыс барысында тәртіп пен тәрбие тақырыптары кеңінен талқыланды. Қыздар арасындағы өзара сыйластықты нығайту, мектептегі тәртіп ережелеріне бағынудың маңыздылығы айтылды.		https://www.instagram.com/reel/DCUCzG4MuRm/?igsh=dG15a25xZzljODYz

8	«Ұшқыр ой алаңы» дебат		Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында республикалық пікірсайыс турнирінің мектепшілік кезеңі қыркүйек айының 4-і күні өтті. Ойын АПФ форматында өткізіліп, көзге түскен оқушылар аудандық кезеңге өтті.		https://www.instagram.com/p/DABJH42MwdY/?igsh=dmxrdWc4ZnhhMDRn
9	“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясындағы квест-ойын		Оқуға құштар мектеп” жобасы шеңберінде мектеп кітапханашылары оқушыларды кітап әлеміне қызықтыру мақсатында “Кітапхана айналасында” тақырыбында квест-ойынын ұйымдастырды. Шараның мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген ынтасын арттырып, оларды шығармашылық ойлауға, топпен жұмыс істеуге үйрету.		https://www.instagram.com/reel/DEzIC12MyZZ/?igsh=bDhgembhkODhi d3Vv
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы					
1	“Жетістігімді еліме арнаймын” челленджі		Мектебіміздің оқушылары “Жетістігімді еліме арнаймын” атты челлендж бастады. Бұл бастама еліміздің Тәуелсіздік мерекесіне орай ұйымдастырылып, оқушылардың өз жетістіктерін Отанға арнау арқылы патриоттық рухты насихаттауды көздейді. Челлендждің мақсаты: • Оқушылардың спорт, білім, өнер салаларындағы жетістіктерін көрсету арқылы олардың туған еліне деген сүйіспеншілігін арттыру; • Жастарды өз елінің болашағына үлес қосуға, еңбекқор болуға және жетістіктерге ұмтылуға шабыттандыру; • Тәуелсіз елдің намысын қорғауға дайын білімді, талантты және белсенді ұрпақты қалыптастыру. Челлендж аясында: Оқушылар спорттағы жеңістері, білім байқауларындағы жетістіктері, шығармашылық табыстары мен өнер саласындағы марапаттары туралы айтып, “Бұл – менің елім үшін!” деп өз арнауларын білдіруде. Өрбір жетістік – тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағына қосылған үлес. Осындай жігерлі жастарымыздың арқасында еліміздің болашағы зор!		https://www.instagram.com/reel/DDbzRGIMxy-/?igsh=aTJreHl4M29zczBu

2	”Кітапханадағы ерекше шара – “Coffee Time”	Мектеп кітапханашылары оқушылар мен ұстаздарға арналған “Coffee Time” форматындағы жылы да ерекше кездесу ұйымдастырды. Бұл шараның басты мақсаты – кітап оқуды насихаттап, еркін әрі бейресми ортада пікір алмасуға жағдай жасау. Шара барысында ұстаздар мен оқушылар кофе ыдысының сыртындағы сұрақтарға жауап беріп, еркін тақырыпта сұхбаттасты. Кофе мен кітап – керемет үйлесім! Мұндай форматтағы шаралар оқушылар мен ұстаздардың рухани байлығын арттырып, кітап оқуға деген сүйіспеншілікті нығайтады.		https://www.instagram.com/reel/DE7UehUskhn/?igsh=bTJydDJlaHpleHBx
3	«Тәуелсіздік – азаттықтың ақ таңы»	Бүгін мектебіміздің ұйымдастыруымен және «Жастар ресурстық орталығының» қолдауымен 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік – азаттықтың ақ таңы» тақырыбында пікірсайыс турнирі өтті. Іс-шараның басты мақсаты – оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту, ел тарихына құрметпен қарауға және тәуелсіздік құндылықтарын ұлықтауға тәрбиелеу. Турнирге аудан мектептерінен белсенді жастар қатысып, өзекті мәселелер бойынша ойларын ашық білдіріп, пікірталас мәдениетін жоғары деңгейде көрсетті.		https://www.instagram.com/reel/DDe_Xz-sLe-/?igsh=NGQ3b2k4YmlmYnFt
4	АПҚО жобасы аясында «Отбасылық дәстүрлер»	Отбасы. Отбасылық дәстүрлер» Өткізу мақсаты - Өз отбасына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін, ата-аналарға құрмет сезімін тәрбиелеу; - Өз отбасының тарихына, отбасылық дәстүрлерге қызығушылықты дамыту; - Сыныптастарының отбасыларына деген құрмет, оң қарым-қатынасты қалыптастыру;		https://www.instagram.com/reel/C3r9VYLMcg0/?igsh=amdkcnZiY3FnZDht
5	“Тұғыры биік – Тәуелсіздік”	Бүгін мектебімізде 9 «В» сыныбының жетекшісі Огизбаева Жанар ұйымдастырған ашық тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: Оқушыларға тәуелсіздік ұғымының маңыздылығын түсіндіру, патриоттық сезімдерін ояту, ел тарихы мен жетістіктеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Шара барысында оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, сабаққа белсенді қатысты. Тәуелсіздік тақырыбындағы іс-шара оқушылардың патриоттық сезімін оятып, еліміздің тарихы мен жетістіктерін терең түсінуге мүмкіндік берді.		https://www.instagram.com/reel/DDepOMnMaXs/?igsh=eTU0ciFuZTlrcmo0

6	Тәуелсіздікті құрметтей білейік!		Мектебімізде 1-4 сынып оқушылары арасында “Тәуелсіздікті құрметтей білейік” тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы өтті. Сайыс барысында оқушылар Тәуелсіздік туралы өлеңдерді жатқа оқып, өз өнерлерін ортаға салды. Жас өрендеріміздің патриоттық рухы, көркемсөзді шебер жеткізулері көпшілікті тәнті етті. Әділқазылар алқасы әр оқушының өнерін бағалап, үздіктерді марапаттады. Мұндай шаралар балалардың елге деген сүйіспеншілігін арттырып, рухани дамуына серпін береді. Барлық қатысушыларға алғыс білдіреміз! Тәуелсіздігіміз мәңгілік, рухымыз асқақ болсын!		https://www.instagram.com/p/DDrUzE4MHaa/?igsh=NXA2aDRtc3U4eDE5
Қаңтар – заң және тәртіп айы					
1	“Кино әлеміне саяхат”		Форт-Шевченко мектеп-лицейінің бастауыш пән мұғалімдері өз сынып оқушыларымен бірге кино әлеміне саяхат жасады. Мақсаты: Оқушылардың қысқы демалысын қызықты өткізу; Кино өнерін бағалай білуге, өнерді сүйуге тәрбиелеу; Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту.		https://www.instagram.com/p/DEocDlo9fE/?igsh=MWNidjk4Yw4ZnZoMQ==
2	Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз”		Мектеп кітапханашылары “Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз” атты танымдық іс-шара ұйымдастырды. Іс-шара барысында оқушылар қысқы демалысқа арнап өздеріне ұнаған кітаптарды тандап, оқу жоспарымен бөлісті. Мақсаты: оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын оятып, сөздік қорын байыту, ой-өрісін дамыту және бос уақытты пайдалы өткізуді насихаттау.		https://www.instagram.com/p/DEwHHpFtkqK/?igsh=MTkyMmZhZzhi dG0ycw==
3	“Мамандық таңдау — өмірлік маңызды қадам”		Мақсаты: Оқушылардың мамандық туралы білімдерін кеңейту; Болашақ мамандықты таңдауға мотивация беру және өзін-өзі тануға ықпал ету. Ойын жаттығулары арқылы оқушылардың ой-пікірлері сұралып, мамандықтар жайлы толық ақпараттар айтылды.		https://www.instagram.com/reel/DE1eUUjMYkY/?igsh=MXR0dGkxAW5iMzA3eO==
4	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында 5-6 сынып оқушыларына арналған зияткерлік ойын		Сайыс барысында оқушылар Тәуелсіздік жылдарындағы ел жетістіктері, қазақ халқының ерлікке толы тарихы, ұлттық құндылықтар мен тарихи оқиғаларға байланысты өз білімдерін ортаға салды. Әр кезеңде қатысушылар белсенділік танытып, алғырлықтары мен білімдерін дәлелдеді.		https://www.instagram.com/reel/DBuDrfMVKc/?igsh=cjh0aTRrYWJlaTdp

5	Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз сынып сағаты	19 оқушы	Мақсаты: Оқушыларға сыбайлас жемқорлық туралы түсінік беру, оның қоғамға тигізетін зиянын түсіндіру. Жастар арасында адалдық пен әділдік құндылықтарын насихаттау. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жолдары туралы ой бөлісу		
6	АПҚО жобасы аясында «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі»		Түйебаева Жұмабибі мен Габдулова Қамажай “Әкенің еккен ағашы - ұрпаққа сая” деген тақырып аясында сыныптан тыс шара ұйымдастырды.		https://www.instagram.com/reel/C3zRci-sW9k/?igsh=eDNkdTdlN3JteTlh
7	“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясындағы ерекше үзіліс		Мектебіміздің кітапханашылары оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында “Үзілісте кітап оқу” шарасын ұйымдастырды. Үзіліс уақытында оқушылар кітап оқып, өздеріне ерекше әсер еткен мазмұндарымен бөлісті.		https://www.instagram.com/reel/DFNGCgPMq2Q/?igsh=eJFjYmY3anYxa2hq
8	«Smart bala» жобасы аясында «Үздік өнертапқыш» байқауы		“Педагогикалық шеберлік - білім мен іскерлік негізі” жобасы аясындағы “Лицей лидерлері” тобының мүшесі, бастауыш сынып мұғалімі Тұрсынова Айнұр 5-6 сынып оқушыларының арасында “Үздік өнертапқыш - 2025” сайысын өткізді. Мақсаты: Оқушылардың қиялын дамытып, өз идеяларын ұсынуға ынталандыру; Оқушыларға өнертапқыштықтың айналамыздағы өзгерістерге қалай әсер ететінін түсіндіру.		https://www.instagram.com/reel/DF-oo7OMwe8/?igsh=MXR6enp1OWY5bGt0bw==
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық					
1	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбындағы тәрбие сағаты	18 оқушы	Мақсаты: 1. Оқушыларды цифрлық әлемдегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру; 2. Олардың ақпараттық қауіпсіздік туралы түсініктерін кеңейту; 3. Цифрлық сауаттылықты арттыру және интернетте дұрыс қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу; 4. Оқушыларға жеке шекара түсінігін қалыптастыру және оны қорғаудың негізгі ережелерін үйрету. Сабақ барысында оқушылар маңызды тақырыптар бойынша топтық жұмыстар жүргізді. Олар: Интернеттегі жеке мәліметтерді қорғау (парольдер, әлеуметтік желідегі деректер); Кибербуллинг (түрлері және оны болдырмау жолдары);		https://www.instagram.com/p/DFwkAqDoE57/?igsh=MWFjOThpCHf4YTg2OA= ≡

[illegible]